

Жалпы алғанда Компаниямыздың қызметі қоршаған ортанды қорғау, шығарылатын өнімнің қауіпсіздігі және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелеріне қатысты тиісті ұлттық заңдармен және комплаенс актілерімен реттеледі. Сонымен қатар «Heidelberg Materials» компаниясының комплаенс саясаты ресми түрде біздің барлық жеткізушілерден біздің жеткізушілердің іс-әрекет Кодексінің қағидаттарын сақтауды және жеткізушілердің іс-әрекет Кодексіне сәйкес жұмыс әдістерін қолдануды талап етеді.

Heidelberg Materials компаниясының «Іскеरлік іс-әрекет кодексіне» негізделген жеткізушілердің іс-әрекет Кодексіміз қызметкерлердің қауіпсіздігі мен әл-ауқатының халықаралық стандарттарын ұстануға бағытталған және адам құқықтары аспектісінде Біріккен Ұлттар Ұйымының бизнес саласындағы нұсқауларына, біздің жеткізу тізбегіміздегі Халықаралық әнбек ұйымының (ХЕҰ) негізгі әнбек стандарттарына, сондай-ақ Германияның жеткізу тізбегіндегі корпоративтік кешенді тексеру міндеттемелері туралы Заңына негізделген талаптарды ұстану жөніндегі тиісті басқару жүйелерінің болуын талап етеді. Сонымен қатар ұстану жүйелері Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде келісілген адам құқықтары саласындағы халықаралық танылған стандарттарға негізделген.

"HeidelbergMaterials" компаниясы өз жеткізушілерімен тығыз және жемісті ынтымақтастықты бағалайды. Бүкіл әлемде қолданылатын жеткізушілердің осы іс-әрекет Кодексі біздің барлық шарттық қатынастарымыздың негізі болып табылады. Осылайша, барлық жеткізушілер жеткізушілердің осы іс-әрекет Кодексінде көрсетілген принциптерді ұстануы керек және осы стандарттарды жеткізу тізбегіне енгізу үшін ақылға қонымды күш салуы керек. Сонымен қатар, жеткізушілер өздерінің тікелей жеткізушілерінен осы принциптерді сақтауды талап ету және олардың жеткізу тізбегінде осы принциптердің сақталуын тиісті түрде тексеру жауапкершілігін өз мойнына алуы керек.

<sup>1</sup> (I) әділ және қолайлы әнбек жағдайына құқықты, оның ішінде жұмыс үшін сыйақы ретінде жеткілікті құнкөріс деңгейін алуды, (ii) еріксіз немесе мәжбүрлі әнбекке немесе балалар еңбегіне ұшырамау құқығын, (iii) бірлестіктер мен жинальстар бостандығына құқықты, сондай-ақ ұжымдық келіссөздерді ұйымдастыру және жүргізу құқығын, сондай-ақ (IV) жұмыста кемсітүшілікке ұшырамау құқығын қоса алғанда қамтиды.

### Еңбек жағдайлары

1. Жеткізушілерге балалар еңбегін өз қызметінің кез келген кезеңінде пайдалануға тыйым салынады. Жеткізушілер Халықаралық Еңбек ұйымының (ХЕҰ) жұмысқа қабылдаудың ең тәменгі жасы туралы конвенциясының ұсыныстарын орындауға міндетті. Бұл жұмысқа қабылдаудың ең тәменгі жасы, қызметі және алтасына сағат саны ұлттық заңнамаға және Халықаралық әнбек ұйымының стандарттарына сәйкес анықталатынын білдіреді. Негізінде бұл қолданыстағы заңнамаға сәйкес мектеп жасына жеткен 15 жасқа толмаған балаларды жұмысқа қабылдауға болмайтынын білдіреді. ХЕҰ-ның N 138 конвенциясына сәйкес талаптарды женілдетуді қарастырған елдерде осы ережелерден ерекшеліктер жатуы мүмкін.
2. Жеткізушілер 18 жасқа дейінгі балалар еңбегінің ең нашар түрлері туралы ХЕҰ конвенциясын ұстануға міндетті. Бұл, атап айтқанда, басқалармен қатар: құлдықтың барлық түрлері немесе құлдыққа ұқсас мәжбүрлеудің басқа түрлері, балаларды жезекшелікке пайдалану, жалдау немесе ұсыну, балалардың денсаулығына, қауіпсіздігіне немесе адамгершілігіне зиян келтіріү мүмкін заңсыз әрекеттер мен

### Жұмыстарды қамтиды.

3. Жеткізушілер жеткілікті құнкөріс деңгейіне сәйкес келетін жалақыны төлеуі керек; сома, кем дегенде, қолданыстағы заңнамада белгіленген ең тәменгі жалақыға сәйкес келуі керек.
4. Жеткізушілер мәжбүрлі әнбек туралы ХЕҰ Конвенциясында анықталғандай мәжбүрлі немесе міндетті еңбектің қандай да бір түрін пайдаланбауы қажет, мысалы, борыштық тәуелділіктің салдарынан адамды саудалау, жұмысқа орналасу ақысын төлету немесе қызметкердің жеке басын қуеландыратын құжаттарды бермеу.
5. Жеткізушілер құлдықты ешқандай түрде, құлдыққа, басыбайлылыққа немесе экономикалық немесе жыныстық қанау және қорлау сияқты жұмыс орнындағы үстемдіктің немесе қысымның басқа түрлеріне ұқсас мәжбүрлі еңбектің басқа түрлерін пайдаланбауы қажет. Осыған тұтқындардың мәжбүрлі еңбегі де кіреді. Жеткізушілер жұмысшылардың қозғалыс еркіндігін және ақылға қонымды мерзімде берілген тиісті хабарламадан кейін жұмыстан шығу құқығын шектемеуге тиіс.
6. Жеткізушілер қызметкерлердің бірлесу еркіндігі құқықтарын ұстануға, сондай-ақ сол жердегі қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкерлердің

- ереуілге және ұжымдық келісөздерге құқықтарын тануға тиіс
7. Жеткізушилер сол жергілікті орында қолданылатын заңнамаға сәйкес қолданылатын еңбекті қорғау және қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін немесе одан асатын қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндettі. Жеткізушилерде өндірісте жазатайым оқиғалардың туындау тәуекелдерін немесе жұмыстарды орындауға тән қауіпперді тәмендетуге бағытталған тиісті рәсімдер, атап айтқанда, басқалармен қатар, жұмыс орны мен жұмыс жабдықтарын ұсыну және оларға қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік техникасы жөніндегі тиісті нормалар, сондай-ақ шамадан тыс физикалық жүктемелер мен ақыл-ой шаршауының алдын алу жөніндегі шаралар (атап айтқанда, тиісті ұзақтығы демалыс үшін жұмыс уақыты мен үзілістер) болуы тиіс.
  8. Егер жеткізушилер кәсіпорынның немесе қызметкерлердің қауіпсіздігі мен оларды қорғауды қамтамасыз ету үшін жеке немесе мемлекеттік күш құрылымдарын пайдаланса, жеткізушилер кез келген заңсыз күш қолданудан немесе репрессиядан аулақ болу үшін мұндай күш құрылымдарына тиісті түрде нұсқау беріп, бақылауы керек. Бұған, атап айтқанда, азаптау, қатығез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас, адамдардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіру және бірлестік бостандығы құқығына нұқсан келтіру жатады.
  9. Жеткізушилер осы Бөлімнің 1-8-тармақтарында («Еңбек жағдайлары») және «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормалар» бөлімінің 1 және 2-тармақтарында, сондай-ақ "Іскерлік этика" бөлімінің 2-тармағында көзделген өкілеттіктер шегінен шығатын өз міндеттерін бұза отырып, ешқандай іс-әрекет немесе әрекетсіздік жасамауға тиіс, бұлар қорғалатын құқықтық позицияның ерекше ауыр зиян келтіретін және қарастырылатын барлық жағдайларды ақылға қонымды түрде бағалау кезінде айқын көрінеді.

### **Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормалар**

Жеткізушилер өз өнімдеріне, қызметтеріне және істеріне қолданылатын заң талаптарын, сондай-ақ мынадай қағидаттарды сақтауға міндettі:

1. Жеткізулердің қызметі топырақтың нашарлауына, судың, ауаның ластануына, зиянды шудың немесе суды шамадан тыс тұтынудың көзі болмауға тиіс, бұл азық-түлікті сақтау мен өндірудің табиги жағдайларын айтартықтай нашарлатады, адамдардың қауіпсіз және таза ауыз суға қол жеткізуін тоқтатады, санитарлық үй-жайларға кіруді қынданатады немесе оларды бұзады немесе адамдардың денсаулығына зиян келтіреді.
2. Пайдаланылуы адамның тіршілігін қамтамасыз ететін жерлерді, ормандар мен суларды сатып алу, игеру немесе өзге де пайдалану кезінде заңсыз көшіруге

және жерлерді, ормандар мен суларды алып қоюға тыбым салынады.

3. Жеткізушилер Конвенцияда көрсетілген осындағы өнімді өндіруден кезең-кезеңімен бас тартылған күннен кейін сынап туралы Минамат Конвенциясының А-қосымшасының 4(1)-бабының және I бөлігінің мәні аясында құрамында сынап бар өнімдерді өндірмейтініне кепілдік беруі тиіс.
4. Жеткізушилер осы Қосымшада көрсетілген осындағы өнімді өндіруден кезең-кезеңімен бас тартқан күннен кейін сынап туралы Минамат Конвенциясының 5-бабының 2-тармағында және В-қосымшасының I бөлігінде көзделген мағынаға сәйкес өндірістік процестерде сынапты немесе сынап қосылыштарын пайдаланбауын қамтамасыз етуге тиіс.
5. Жеткізушилер құрамында сынап бар қалдықтарды сынап туралы Минамат конвенциясының 11-бабы 3-тармағының ережелерін бұза отырып қайта өндемейтініне кепілдік беруі керек.
6. Жеткізушилер осы Конвенцияның 3-бабы 1 (а) -тармағының ережелерін бұза отырып, тұрақты органикалық ластағыштарды (ТОЛ; ТОЛ туралы Стокгольм конвенциясына А қосымшасында көрсетілген) өндірмейтініне және пайдаланбайтынына кепілдік беруі тиіс.
7. Жеткізушилер Стокгольм Конвенциясының ТОЛ туралы 6-бабы тармағының (d) (i) және (ii) тармақшаларының ережелеріне сәйкес қолданыстағы юрисдикцияда қолданылатын ережелерге сәйкес экологиялық қауіпсіз болып табылмайтын тәсілмен құрамында ТОЛ бар қалдықтарды қайта өндемейтініне, жинамайтынына, сақтамайтынына және/немесе көдеге жаратпайтынына кепілдік беруі тиіс.
8. Жеткізушилер қауіпті қалдықтарды немесе өзге де қалдықтарды (олар қауіпті қалдықтардың траншекаралық тасымалын бақылау және оларды көдеге жарату туралы Базель конвенциясының 1-бабының (1) және (2) - тармақтарында айқындалғандай) осы Конвенцияның 4-баптың 1-тармағының (b) және (c) тармақшаларының, 4-баптың 5-тармағының, 4-бабының 8-тармағы немесе 4A-бабының ережелерін бұза отырып экспорттамайтындығына кепілдік беруге тиіс, сондай-ақ жеткізушилер қауіпті қалдықтарды немесе басқа да қалдықтарды (осы Конвенцияның 1-бабының (1) және (2) тармақтарында айқындалғандай) осы Конвенцияның тарабы болып табылмайтын елден импорттамайтындығына кепілдік беруге тиіс.

### **Іскерлік этика**

1. Жеткізушилер өз бизнесін адал жүргізуі керек. «Heidelberg Materials» компаниясының қандай да бір қызметкеріне немесе үшінші тұлғаға «Heidelberg Materials» компаниясының осындағы қызметкерінің немесе үшінші тұлғаның лауазымдық міндеттерін атқаруына ықпал ету мақсатында қандай да бір төлемдер, қызметтер, сыйлықтар, ойын-сауық немесе

басқа да артықшылықтар ұсынылмауы немесе берілмеуі тиіс

2. Еңбек саласында кез келген нысанда қысымға немесе негізсіз тең емес қарым қатынасқа тыйым салынады. Тең емес қарым-қатынас, басқалармен қатар, жынысына, ұлттық және этникалық тегіне, әлеуметтік тегіне, денсаулық жағдайына, саяси сенімдеріне, түсіне, нәсіліне, дініне немесе сеніміне, сексуалды бағдарына, мүгедектігіне немесе жасына байланысты себептерге байланысты тең емес еңбек сыйақысын төлеуді, соңдай-ақ жұмысқа орналасуға қатысты кез келген тең емес қатынасты қамтиды.

Осы принциптердің орындалуын қамтамасыз ету үзақ мерзімді оқыту және дамыту процесі болып табылады. «Heidelberg Materials» компаниясы заң талаптарына сәйкес түрлі нысандарда тәуекелдерді тұрақты бағалауды жүргізуге міндettі. Жеткізуше тәуекелдер анықталған жағдайда, жеткізуши «Heidelberg Materials» компаниясы немесе «Heidelberg Materials» компаниясы уәкілеттік берген тұлғалар осы жерде баяндалған қағидаттардың сақталуын тексеру және анықталған тәуекелдерді азайту үшін өзін-өзі бағалау, оқыту және жеткізушиңін аудиттері сияқты белгілі бір шараларды қамтитын іс-шаралар жоспарларын әзірлеуге құқылы екендігімен келіседі. «Heidelberg Materials» компаниясы талаптарды сақтау үшін өз жеткізушилерімен бірлесіп жұмыс істейтін болады, бірақ егер осы жеткізушиңін іс-әрекет кодексін анықталған сақтамауды жою бойынша барлық жұмсаған күші сәтсіз болса, жеткізушимен қарым-қатынасты тоқтату құқығын өзіне қалдырады.

Тікелей және жанама жеткізушилер мен олардың қызметкерлері осы жеткізушиңін іс-әрекет кодексінің, қолданыстағы заңдардың немесе «Heidelberg Materials» компаниясының ішкі ережелерінің талаптарын сақтамауға байланысты кез келген проблемалар туралы біздің «SpeakUp» комплаенс мәселелері жөніндегі сенім телефоны арқылы хабарлай алады: <https://heidelbergmaterials.speakup.report/speakup>

**Рене Альдах (René Aldach)**  
**Басқарма Мұшесі**

[rene.aldach@heidelbergmaterials.com](mailto:rene.aldach@heidelbergmaterials.com)

**Д-р Инес Плосс (Dr. Ines Ploss)**  
**Сатып алу жөніндегі Топтың директоры**

[ines.ploss@heidelbergmaterials.com](mailto:ines.ploss@heidelbergmaterials.com)

**Бақылау кеңесінің төрагасы**  
Д-р Бернд Шайфеле (Dr. Bernd Scheifele)

**Басқарма**  
Д-р Доминик фон Ахтен (Dr. Dominik von Achten ) (төрага),  
Рене Альдах (René Aldach), Кевин Глуски (Kevin Gluskie), Хакан Гурдал (Hakan Gurdal),  
Эрнест Джелито (Ernest Jelito),  
Д-р Николя Кимм (Dr. Nicola Kimm), Деннис Ленц (Dennis Lentz), Джон Морриш (Jon Morrish),  
Крис Уорд (Chris Ward )

**Heidelberg Materials AG**  
Мекенжайы:  
Heidelberg  
Мангейм тіркеу соты  
Тіркеу номірі. 330082